
ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕСІ
ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО
TRIBUNE OF YOUNG SCIENTIST

ӘОЖ 342(7)

А.И. Бірманова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: birmanova81@mail.ru)

Адамның мәдени құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері

Мақалада адамның мәдени құқықтарын қорғаудың халықаралық және мемлекетшілік құқықтық тетіктері мен факторлары, осы мақсатқа қолжеткізу тиімділігіне әсер ететін мәселелер қарастырылды. Адамның мәдени құқықтарын қорғау мәселелері қазіргі уақытта ғылым мен практикада ең өзекті және сұранысқа ие тақырыптардың бірі, бұл олардың ғылыми негіздемелерін талап етеді. Автор атап өткендей, алғашқы рет отандық ғылымда адамның мәдени құқықтарын қорғау бойынша негізгі ұлттық тетіктер және оларды жүзеге асыру қағидаларын кешенді зерттеу жүзеге асырылған. Мақалада БҰҰ шеңберінде әрекет ететін адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық келісімдер, соның ішінде адамның мәдени құқықтарын қорғаудың әмбебап жүйесі талданды. Осы жүйедегі қолданыстағы кемшіліктерді атап өтіп, оның тиімділігін арттыру үшін шаралар ұсынды. Зерттеу нәтижесінде адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажеттілігі дәлелденді. Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шет елдердегі адам және азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық - құқықтық тетіктеріне компаративті-құқықтық талдау жүргізілді. Мақала адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау субъектілерінің негізгі сипаттамаларын айқындайды және ашып көрсетеді. Жұмыста Қазақстан Республикасындағы адамның және азаматтың мәдени құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері қаралды. Жоғарыда айтылғандай, адамның мәдени құқықтары мәселелерін тиімді шешу үшін, ұлттық заңнама жеткіліксіз әзірленген. Мақала авторы үшін адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру үшін тетіктер құру, заңнамалық реттеу мәселесін анықтау және талдау қызығушылық танытты.

Кілт сөздер: адамның мәдени құқықтары, мәдени құқықтар мен бостандықтарды қорғау, мемлекеттік қорғау, тетіктер, қорғау қағидасы, адам құқығының әмбебаптығы, омбудсмен, арнайы институттар, құқықтық және тәртіптік рәсімдер, халықаралық бақылау, халықаралық ұйымдар.

Kipicne

Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау кезкелген заманауи мемлекеттің міндеті, ол тікелей және жанама бағытталған арнайы институттардың, тетіктердің, қағидалардың және құқықтық-тәртіптік рәсімдердің көмегімен жүргізіледі.

Әлемдік қауымдастық жекелеген тұлғалардың, әрбір адамның құқықтарын қорғау мен қорғанысын өз міндеттілігіне алуы тиіс екенін түсінді. Ол сондай-ақ адам құқықтары бойынша конвенциялардың, пактілердің, шарттардың қабылдауы жеткіліксіз екенін түсініп, БҰҰ-ның, аймақтық ұйымдардың деңгейінен бөлек нақты әрекет ететін, маңызды қажеттілігі орын алған адам құқықтарын қорғау жөніндегі құқықтық-ұйымдастырушылықтың тетігін құру болды. Басқаша айтқанда, бұл тетік адам құқықтары туралы халықаралық - құқықтық актілердің жағдайын, имплементациясын (жүзеге асыру) мен бақылауды қамтамасыз етеді. Халықаралық бақылаудың мақсаты өз елдеріндегі адам құқықтары бойынша мемлекеттердің міндеттемелерінің орындалуын

қамтамасыз етуге көмектеседі [1; 63]. Сондықтан мемлекет адамның құқығы мен бостандығы саласында халықты ақпараттандыру және ағарту жұмыстарын, әркімнің мәдени құқығы мен бостандықтарын тиісінше деңгейде қорғауы және іске асыруы тиіс.

Мақаланың мақсаты адамның және азаматтардың мәдени құқықтарын қорғайтын мемлекеттік органдардың, институттардың, ұйымдардың қызметін кешенді зерттеу. Қойылған мақсаттар мақалада негізгі міндеттерді қалыптастырады:

- 1) мәдени құқықтарды ұлттық деңгейде қорғаудың құқықтық реттеу негіздерін қарастыру;
- 2) адамның мәдени құқықтарын қорғайтын субъектілердің қызметінің ерекшелігі, нысандары мен әдістеріне талдау жүргізу;
- 3) Қазақстан Республикасының әлемдік даму контексіндегі мәдени құқықтарды қорғау тетіктерінің негізгі мәселелерін атап көрсету, жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша авторлық тұжырым мен қорытынды жасау.

Материалдар және әдістер

Адамның мәдени құқықтарының әртүрлі көріністерінің санқырлы өзгермелігі мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тануда жалпы және арнайы ғылымдық кешенді әдістердің пайдалана жүргізілуіне, зерттеу сұрақтары бойынша объективті талдау жасауды туғызады. Адамның мәдени құқықтарын қорғау тетіктерін зерделеуде заңнамалық және доктриналдық қайнар көздерді пайдалану барысында диалектикалық әдіс қолданылды.

Жүргізілген зерттеу материалдарында талдау синтезді қамтитын логикалық әдіс мәдени құқықтарды қорғаудың ұлттық және халықаралық деңгейдегі бекітілімін анықтауда нормалардың заңдық құрылымдарына мазмұнды талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Мәдени құқықтарды қорғаудың ғылыми негізделген жолдарын шешуде, нормативтік - құқықтық реттеу мәселелерін анықтауда жүйелік әдіс заңнаманы реттеудегі ең негізгі әдістердің бірі.

Адамның мәдени құқықтарын қорғау туралы нормаларды талдаудың және оларды бұзудың алдын алудың белгілі бір тетіктерін қарастыруда мемлекеттердің заманауи тәжірибесін есепке ала отырып, құқықтық-модельдеу және болжамдық әдістер ұсынылады.

Әртүрлі мемлекеттерде мәдени құқықтарды қорғауды іске асыру тетіктерінің оң тәжірибесін қорыту және әлемдік тәжірибені еңсеру бағытында салыстырмалы-құқықтық әдіс зерттеуге мүмкіндік береді. Ал, тарихи-салыстырмалы әдіс мәдени құқықтардың дамуының әмбебап заңдылығын талдауда ықпал етті.

Нәтижелер

«Адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын конституциялық бекітумен және іске асырумен байланысты теориялық және практикалық мәселелерді ұғынудың өзектілігі қазіргі әлемдегі адам құқықтары доктринасының жаһандануымен, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының біртұтас жүйесін құру қажеттілігімен, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тұжырымдамалық зерделеу қажеттілігімен, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары жүйесіндегі соңғы орындарды анықтаумен және оларды іске асыру тетігінің ғылыми моделін әзірлеумен байланысты», — деп Н. Мацкевич атап көрсетті [2; 7].

Адам құқығын қорғау әлемдік қауымдастыққа жүктелген маңызды міндеттердің қатарына жатады. Сондықтан қазіргі кезеңде халықаралық ұйымдар адам құқықтарын қорғау бойынша қызметін күшейтті. Мәселен, БҰҰ-ның Қазақстанда 15 ұйымы жұмыс істейді: Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ), БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ Халық қоныстану қоры (ЮНФПА), БҰҰ Есірткі және қылмыс мәселері жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЕҚБ), БҰҰ Жоғарғы комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЖКББ), БҰҰ Еріктілері (БҰҰЕ), Әйелдер қоры (ЮНИФЕРМ), Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), БҰҰ өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы (ЮНИДО), Дүниежүзілік банк (ДБ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), АТҚБ/ЖТҚБ жөніндегі БҰҰ бағдарламасы (ЮНЭЙДС) және Қоғамдық ақпарат жөніндегі департамент (ҚАД) [3; 83].

Қазақстан Республикасының Президенті Конституциямызда баян еткендей, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Президент конституциялық нормаларға сай адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын кепілдікке алуға және оларды барлық қолжетімді құқықтық құралдармен қамтамасыз етуге міндетті.

Адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Президенттің келесідей құқықтары бар:

- 1) адам құқықтары саласындағы ең маңызды бағыттар туралы заң шығару бастамасын ұсынуға мүмкіндік алуға;
- 2) адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған Жарлықтар шығаруға және заңнамалық қызметті жүзеге асыруға;
- 3) қоғамның мәдени өміріндегі кез келген қарым-қатынасты тез арада реттеу қажеттілігі туындаған кезде пайдалана алады және заңнамалық (өкілді) органның тиісті нормативтік құқықтық актіні қабылдағанға дейін осы шешімнің қабылдануын кейінге қалдыру мүмкін емес.

Республика Президенті адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын үнемі қадағалап отырады, бұзылған құқықтары бойынша нақты шаралар қолдануды жүзеге асырады. Осылайша, тұлғалардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасының Президенті «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы мәдениет және өнер саласындағы дарынды тұлғаларды қалыптастыруға, қоғамға пайдасын келтірген, болашақ ұрпаққа үлгі болып, өзінің жаңашылдығымен көзге түскен 100 адам таланттарға қолдау көрсетіп, марапаттаған болатын. Жыл сайын ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры ғылым мен өнер саласында мақсатты әртүрлі іс-шаралар өткізеді. Мемлекет басшысының қолында адам құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері бары туралы қорытынды жасауға болады, оларды белсенді түрде қолдану, адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарына шын мәнінде кепілдік беруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ еліміздің Президенті жанында құрылған адам құқықтары жөніндегі комиссия алғашқы мамандандырылған ұлттық мекеме болып табылады. Ол адам құқықтарын қолдау мен қорғаудың мемлекеттік тетіктерін күшейтуде, адам құқықтары саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда, адам және азаматтардың барлық санаттағы құқықтары мен бостандықтарын сақтай отырып, батыл қадамдар жасауда.

Заманауи демократиялық мемлекетте адамның мәдени құқықтарын қорғаудың ең тиімді институты әділсот билігі. Сот билігі өзіне тән функцияларды жүзеге асырады, оның ішінде жеке тұлғаның мәдени құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауды қамтамасыз етеді.

Тұлғаның мәдени құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау – бұл жеке адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету үшін мемлекет қолданатын нормативтік бекітілген заң тетігі.

Жеке адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғау бірқатар ерекшеліктерге тән екенін атап өткен жөн:

- 1) бұл институт мемлекеттік ықпал етудің ерекше нысанымен ерекшеленеді, оған қоғам өмірінің мәдени саласында қалыптасатын жеке тұлға, қоғам және мемлекет үшін ерекше құндылыққа ие қоғамдық қатынастар жүйесі кіреді;
- 2) қорғауды заңмен белгіленген барлық юрисдикциялық рәсімдерден неғұрлым күрделі және егжей-тегжейлі нормативтік реттелген ерекше іс жүргізу нысанында сот ғана жүзеге асырады;
- 3) сот арқылы қорғалу құқығы әмбебап болып табылады, яғни барлық тұлғаларға кепілдік беріледі. Жеке адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын бұзатын мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының кез келген іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалуы мүмкін.
- 4) соттың шешімдері барлық құқық субъектілері үшін міндетті;
- 5) ол қабылдаған шешімдер, олар шығарылғаннан кейін бірден қолданылады және басқа билік органдары немесе олардың лауазымды адамдары қосымша растауды талап етпейді;
- 6) адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарына қатысты мәселелер бойынша қабылдаған шешімді орындамағаны, тиісінше орындамағаны не орындауға кедергі келтіргені үшін заңдық жауапкершілік белгіленуі тиіс. Алайда мұндай бұзушылықтар үшін жауапкершілікті белгілейтін заң әлі қабылданған жоқ, сондықтан бұл оң жағынан бағаланбайды. Осы қиыншылықтар қоғам мен мемлекетте мәдени құқықты құрметтеу ахуалының әлсіз болуына байланысты пайда болады.

Адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғауда прокуратураның қызметі едәуір ұтқырлықпен сипатталады. Прокуратура органдарының әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде адам құқықтарын қорғау тәжірибесін қамтитынын атап көрсетеміз.

Прокуратура адамның мәдени құқықтарына қатысты кез келген қолсұғушылықтың алдын алу мен тиімді тосқауыл қоя алады. Қажет болған жағдайда адамның мәдени құқықтары мен

бостандықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заңды мүдделерінің бұзылуын болдырмау, мәдени өмірдің барлық қырын қорғауды қамтамасыз етуде маңызды орынға ие.

Прокуратура органдарының адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған негізгі қызметтері:

1) адам мен азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын бұзатын кез келген органдардың және адамдардың әрекеттеріне шағымдар мен өтініштерді қарау;

2) адам мен азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында заңда көзделген жағдайларда қылмыстық іс қозғау;

3) азаматтардың мәдени құқықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы прокурордың сотқа жүгінуі.

Сонымен бірге прокурор адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын бұзу туралы шағымды немесе өзге де шағымды тексеріп қана қоймай, сонымен қатар жәбірленушілерге олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәртібін түсіндіреді, адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын болдырмау және жолын кесу, кінәлі адамдарды әділ сотқа тарту және келтірілген зиянды өтеу бойынша шаралар қабылдайды.

Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға арналған институттар бар. Олардың қатарына омбудсмен институты немесе адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институты жатады.

Омбудсмен зардап шеккен адамдардан мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарайды. Ол тергеу жүргізуге, түзету әрекеттерін ұсынуға және баяндамалар ұсынуға өкілетті.

Ж.Д. Бусурмановтың еңбегіндегі анықтамасына сүйенсек, омбудсмен – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын ешкімге бағынышты емес тұрғыда, тәуелсіз қадағалау және қорғау, сондай-ақ өз өкілеттігі шеңберінде бұзылған құқықтарды қалпына келтіру мақсатында қажетті шараларды жүзеге асырумен айналысатын адам [3; 170].

Бұл институттың басты қызметі — тұлғалардың құқығы мен бостандықтарын қорғау. Осыған сәйкес, омбудсмен жәбірленуші адам мен үкімет арасындағы делдал болып саналады.

Еуропа және ТМД елдеріндегі омбудсмен институтының жұмыс істеуінің халықаралық тәжірибесі конституциялық бақылау органына жүгіну құқығы Финляндия, Венгрия, Грузия, Ресей Федерациясы, Молдова және бірқатар басқа елдердің омбудсмендеріне берілгендігін айғақтайды [3; 132].

Омбудсмен конституцияда немесе заңнамада бекітілмеген құқықтарды да қорғайды, сондай-ақ әділеттілікті қалпына келтіруде өзге жолдарды да пайдалана алады. Еліміздегі адам құқықтары жөніндегі уәкіл – адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылайды, бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру үшін шаралар қабылдайды, азаматтардың өтініштерін қарау үшін қажетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан сұрау сұратуға құқығы бар, тұлғаның құқықтарын қорғау мәселелесі бойынша шаралар қолданады және шешімін табады.

Қазақстандық омбудсменнің адамның мәдени құқығы аясындағы қызметтері:

– адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын бұзатын лауазымды тұлғалардың және ұйымдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасаған арыздарды қарайды;

– мәдени құқықтар мен бостандықтардың қорғалу нысандары мен әдістеріне қатысты заңнаманы жетілдіруге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына тиісті ұсыныстар енгізу арқылы мәдени құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді;

– мәдени құқықтар мен бостандықтар саласында құқықтық ағартушылыққа жәрдемдеседі, білім беру бағдарламалары мен халықтың білім деңгейін көтеруге, ұлттық заңнамалар мен маңызды халықаралық құжаттар әзірлеуге қатысады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссия ҚР Президентінің 1997 ж. 22 сәуірде № 3470 Жарлығына сәйкес құрылды. Ол Қазақстандағы адам құқықтарының жүзеге асырылуына әрекет етеді. Комиссия адам және азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қамтамасыз етудің тетіктерін жетілдіреді.

Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ереженің 4-пунктіне сәйкес, комиссияның құзыреті: мемлекет басшысының атына Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтарының сақталуы туралы жыл сайынғы және арнаулы баяндамалар әзірлейді, бұзылу фактілері туралы ақпарат бар өтініштерін қарайды, сараптамалық материалдар, арнайы халықаралық

құқықтық құжаттар, сараптамалық қорытындылар әзірлейді, адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысады [4].

Адамның мәдени құқықтарын қорғауда үкіметтік емес ұйымдардың ықпалы айрықша. Біраз жылдардан бері халықаралық үкіметтік емес ұйымдар қызмет етіп келе жатыр. Әсіресе «Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық Федерация» (FIDH) – ол адамның барлық құқықтары, соның ішінде мәдени құқықтарды нақты қорғау жөніндегі қызметті атқарады.

Үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) – жергілікті, мемлекеттік немесе халықаралық деңгейде ұйымдастырылған азаматтардың ерікті және табыс табуды көздемейтін одағы. Адамның мәдени құқықтарын қорғау саласындағы ҰЕҰ-дың негізгі мақсаты:

- білім беру, ғылым және оқыту бағытындағы мүдделі тұлғалардың құқықтарын қорғау және келіспеушіліктері мен дауларын шешу;
- рухани және мәдени құндылықтарын сақтау мен дамыту бойынша шаралар ұйымдастыру;
- мәдени құқықтар мәселелері бойынша ұсыныстар мен шешімдер әзірлейді;
- мәдени құқықтарды жақсарту жағдайында мемлекет пен қоғамға ықпал етеді.

Талқылау

Осы құқықтардың ауқымын одан әрі кеңейте отырып, оларды жүзеге асыру мен қорғаудың нақты механизмін құру аса маңызды.

Л. Липачева өз зерттеуінде шетелдердің Конституциялары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде мәдени құқықтарын қорғауы тиіс органдар мен адамдардың жүйесін айқын анықтайтынын атап өтті. Оларға президент адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде, парламент — адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңдармен анықтаушы орган ретінде, атқарушы билік органдары жергілікті жерлердегі адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс, омбудсмен, прокуратура, адвокатура, басқа да мемлекеттік құқық қорғау органдары [5; 54].

Мәдени құқықтар мен бостандықтар оларды нақты қамтамасыз ету кезінде әлеуметтік құндылыққа ие болады. Демек, Қазақстанның бірыңғай мәдени кеңістігін сақтауға, дамытуға ықпал ететін заманауи құқықтық базаны қалыптастыру проблемасын шешу, болашақ ұрпақтың мәдени өміріне оң әсерін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету өзекті болып табылады.

Адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау субъектілері әртүрлі органдар мен ұйымдар (халықаралық, мемлекетаралық, мемлекеттік, жергілікті) және мәдени құқықтары мен бостандықтарының иелері болып табылады.

Адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың формалары әртүрлі сипатта жүргізіледі:

- 1) мемлекеттік қорғау;
- 2) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорғауы;
- 3) қоғамдық бірлестіктер мен кәсіподақтар, құқыққорғау ұйымдары арқылы құқықтар мен бостандықтарды қорғау;
- 4) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын өздігінен қорғау (талаптар мен өтініштер, ұсыныстар, бұқаралық ақпарат құралдарына өтініштер беру);
- 5) халықаралық органдарға жүгіну.

Әдетте, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау шет мемлекеттерде басым келеді. Мысалы, Шығыс Еуропа елдерінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық механизмдері (Венгрия, Польша) өте маңызды. Атап айтқанда, сот қорғауы күшейтілген [6; 129]. Осындай ереже 1983 жылғы 17 ақпандағы Нидерланды Корольдігінің Конституциясының 19–23-баптарында былай делінген: «Мемлекеттік органдар азаматтардың жеке құқықтарын жүзеге асыруға қамқорлық жасауы керек (мысалы, білім алу құқығы)» [7; 480].

Профессор Э. Цоллердің айтуынша, Франциядағы адам мен азаматтың құқықтарын қорғау ерекшелігі — ол адам құқықтарына қатысты ең тиімді механизмнің рөлін атқаратын заң шығарушы биліктің күші туралы абсолютті сенімге негізделгендігінде [8; 110].

Канада елінің тәжірибесі де қызығушылық танытады. Мысалы, онда Адам құқықтары жөніндегі кеңестің қызметіне үлкен мән беріледі, ол провинциядағы адам құқықтары және көпұлтты мәдениет министрлігінің қарамағындағы агенттік болып табылады. Канада да азаматтарға қатысты

кемсітушілік фактілерін қарайтын Комиссиялар бар. Тұтастай алғанда, олар сот немесе атқарушы билік жүйесінің бөлігі болып табылмайды, алайда оларды қамтамасыз ету үшін ақша бөлетін соттар мен министрліктер өз бақылауын жүзеге асырады. Мұндай кеңестердің қызметі жақсы нәтиже береді. Сондай-ақ Канада да адам құқықтарын қорғаудың ең тиімді жолы — кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге Адам құқықтары туралы заңның сақталуы туралы үнемі есеп беруді міндеттейді. Бұл тәжірибе провинциялар ауқымында, ал кейде тұтастай елде қабылданған мемлекеттік бағдарламалармен толықтырылып, кемсітушілік қауіпі жоғары болатын белгілі бір әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін теңестіреді [9; 103].

Қазақстан Республикасында адам және азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау конституциялық-құқықтық механизмде қорғаудың негізгі нысаны болып табылады. Бұл, бірінші кезекте, мемлекеттік билік пен тұлға арасындағы өзара байланысты құбылыстар. Соңғы кездері, адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарына мемлекеттік араласуды барынша азайту туралы мәселе қозғалуда. Біздің ойымызша, адамдардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғауда мемлекеттің идеясына қарсы тұруға болмайды, бұл олардың арасындағы теңгерімсіздікке жол бермейді. Осыған байланысты өзін-өзі реттеу жүйесі ретінде қоғамның мүмкіндіктері өте үлкен, бірақ шексіз емес екендігін ұмытпау керек.

Мемлекет болмаса, көптеген әлеуметтік мәселелер сол қалпы шешілмей қалады» [10; 452] деген В.В. Лазаревтің тұжырымымен келісеміз, шынымен де мемлекет адам мен азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын тікелей мемлекеттік билік органдары арқылы қорғайды, онда ол мемлекет атынан өкілеттіктерді жүзеге асыру негізінде әрекет ететін заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің қызметіне тән нысандар мен әдістерді қолдана отырып жүргізеді.

Қорытынды

Соңғы уақыттарда адамның мәдени құқықтарын қорғауға бағытталған айтарлықтай өзгерістер болды. Адам құқығын қорғаудың әмбебап жүйесі тармақталған және күрделі сипатқа ие болды. Бүгінгі сәтте оған келесі органдар мен тетіктер (механизмдер) жатады: БҰҰ Бас Ассамблеясы; БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі және оның көмекші органдары мен тетіктері; БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі және оның бірқатар мамандандырылған тетіктері; БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік Кеңесі және оның жанында жұмыс істейтін әйелдер жағдайы жөніндегі Комиссия және тұрғылықты халықтар мәселелері жөніндегі БҰҰ-ның тұрақты форумы; БҰҰ Халықаралық соты; БҰҰ Хатшылығы және оның жекелеген бөлімшелері; адам құқықтары жөніндегі шарттық органдар; БҰҰ Мамандандырылған мекемелері (халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО)); БҰҰ органдары құратын адам құқықтарын қорғаудың уақытша және арнайы тетіктері [11; 28].

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидасын Қазақстан Республикасында жүзеге асыру конституциялық құқықтық тұрғыдан алғанда жаңадан қалыптасып, дамуды бастан кешіруде. Болашақта бұл бағытта әлі көптеген реформалық қадамдарды жүзеге асыру қажет. Қазіргі кезеңде әлемдегі дамыған елдердің барлығы мемлекет ісінде осы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидасына сүйеніп жұмыс жасайды.

Адам құқығын қорғаудың мемлекеттік тетіктерінің тиімділігі, адамның ерікті өмір сүруі үшін, құқықтары мен бостандықтарына қарсы озбырлықты тыюдың негіздерін құруға және құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының деңгейіне тікелей байланысты. Адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтары бүгінгі күні сөзсіз маңызға ие және олардың жүйелі түрде бұзылуы салдарынан қорғауды қажет етеді.

Құқық қолдану және құқық қорғау органдарының іс-тәжірибесі үшін мақсатты әртүрлі бағдарламаларын қолдау пайдалы болар еді:

- мәдени құқықтарға ие екендігі туралы адамдарды хабардар ету;
- осы құқықтардың бұзылуына ұшырауы мүмкін екендігі туралы оларды хабардар ету;
- субъектілердің мәдени құқықтар мен бостандықтарды бұзғаны үшін есеп беруді талап етуге болатыны туралы ақпаратты тарату.

Осылайша, адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын тиімді іске асыру мен қорғау үшін ұлттық заңнамада мемлекет бекіткен кепілдіктер жүйесі болуы тиіс. Бүгінгі таңда адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтары мәселелерінде ең күрделі және оны жүзеге асыру қиын шешімді, өйткені заң жүзінде бекітілген нормалардың көпшілігі декларативті ережелер болып табылады. Бұл ішінара адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың нақты тетігінің болмауына байланысты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Айдарбаев С.Ж. Права человека / С.Ж. Айдарбаев, Д.И. Нурумов, К.М. Сарсембаев. — Алматы: Данекер, 1999. — 251 с.
- 2 Мацькевич М.М. Конституційно-правові засади забезпечення культурних прав і свобод людини та громадянина в Україні: монографія / М.М. Мацькевич. — Івано-Франківськ: Місто НВ, 2012. — 464 с.
- 3 Бусурманов Ж.Д. Адам құқықтарының Еуразиялық концепциясы / Ж.Д. Бусурманов, И.С. Сактаганова. — Алматы: Эверо, 2014. — 200 б.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2003 жылғы 19 наурыз № 1042 [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001042_.
- 5 Липачева Л.М. Реалізація конституційного права людини та громадянина на звернення за захистом своїх прав і свобод до Європейського суду з прав людини: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.02 / Л.М. Липачева. — Дніпропетровськ, 2002. — 190 с.
- 6 Ильинский И.П. Основные тенденции конституционного развития стран Восточной Европы / И.П. Ильинский // Государство и право. — 1992. — № 6. — С. 125–130.
- 7 Конституции государств Европейского союза / под ред. Л.А. Окунькова. — М.: НОРМА-ИНФРА-М, 1999. — 816 с.
- 8 Цоллер Э. Защита прав человека во Франции / Э. Цоллер // Государство и право. — 1992. — № 12. — С. 108–117.
- 9 Поленина С.В. Права человека и их защита (Опыт Канады) / С.В. Поленина // Государство и право. — 1996. — № 10. — С. 99–107.
- 10 Общая теория права и государства: учеб. / под ред. В.В. Лазарева. — М.: Юрист, 2003. — 520 с.
- 11 Абашидзе А.Х. Универсальные механизмы защиты прав человека: учеб. пос. / А.Х. Абашидзе, А.О. Гольяев. — М.: Юнити-Дана, 2013. — 135 с.

А.И. Бирманова

Национальные и международные механизмы защиты культурных прав человека

В статье рассмотрены вопросы международных и внутригосударственных правовых механизмов защиты культурных прав человека и факторы, влияющие на эффективность достижения этой цели. Проблема защиты культурных прав человека в настоящее время является одной из наиболее актуальных и востребованных тем в науке и практике, что требует их научного обоснования. Автор отмечает, что впервые в отечественной науке осуществлено комплексное исследование основных национальных механизмов по защите культурных прав человека и принципов их осуществления. В статье проанализирована универсальная система защиты культурных прав человека, которая действует в рамках ООН в ключевых международных соглашениях по правам человека. Автором отмечены недостатки в деятельности этой системы и предложены меры по повышению ее эффективности. В результате исследования доказана необходимость в защите культурных прав и свобод человека и гражданина. Проведен компаративно-правовой анализ конституционно-правовых механизмов защиты культурных прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан, в том числе и зарубежных стран. Статья описывает и раскрывает основные характеристики субъектов защиты культурных прав и свобод человека и гражданина. В работе рассмотрены актуальные проблемы защиты культурных прав человека и гражданина в Республике Казахстан. Отмечено, что национальное законодательство недостаточно разработано для эффективного решения проблемы культурных прав человека. Автор статьи отмечает интерес к выявлению и анализу проблематики законодательного регулирования, создания для реализации механизмов защиты культурных прав и свобод человека.

Ключевые слова: культурные права человека, защита культурных прав и свобод, государственная защита, механизмы, принцип защиты, универсальность прав человека, омбудсмен, специальные институты, правовые и дисциплинарные процедуры, международный контроль, международные организации.

A. I. Birmanova

National and international mechanisms for the protection of cultural human rights

In the article the issues of international and domestic legal mechanisms for the protection of cultural human rights and factors affecting on the effectiveness of achieving this goal are considered. Protection of cultural rights of human being is currently one of the most relevant and demanded themes of science and practice, which requires their scientific justification. The author notes that for the first time in the national science a complex study of the main national mechanisms for the protection of cultural human rights and principles

of their implementation is carried out. The universal system of protection of cultural human rights is analysed in the article, which operates within the framework of the UNO in key international agreements on human rights. The author marks defects in activity of this system and offers measures on the increase of its efficiency. As a result of research a necessity for the protection of cultural rights and freedoms of man and citizen is proven. Comparatively legal analysis of the constitutional and legal mechanisms for the protection of cultural rights and freedoms of human in the Republic of Kazakhstan was conducted, including foreign countries. The article describes and exposes basic descriptions of subjects of protection of cultural rights and freedoms of man and citizen. The actual issues of protection of cultural human and citizen rights in the Republic of Kazakhstan are considered. It is marked that a national legislation is worked not enough for the effective decision of problem of cultural human rights. The author of the article marks interest to the exposure and analysis of range of problems of the legislative adjusting, creation for realization of mechanisms of protection of cultural rights and freedoms of man.

Keywords: cultural human rights, protection of cultural rights and freedoms, state defence, mechanisms, principle of defence, the universality of human rights, ombudsman, special institutes, legal and disciplinary procedures, international control, international organizations.

References

- 1 Aidarbaev, S.Zh., Nurumov, D.I., & Sarsembaev, K.M. (1999). *Prava cheloveka [Human rights]*. Almaty: Daneker [in Russian].
- 2 Matskevich, M.M. (2012). *Konstitutsionno-pravovyye printsipy obespecheniia kulturnykh prav i svobod cheloveka i hrazhdanina v Ukraine [Constitutionally-legal principles of providing of cultural rights and freedoms of man and citizen in Ukraine]*. Ivano-Frankivsk: Misto NV [in Ukrainian].
- 3 Busurmanov, Zh.D., & Saktaganova, I.S. (2014). *Adam kukyktarynyn euraziialyk kontseptsiiasy [Eurasian conception of human rights]*. Almaty: Evero [in Kazakh].
- 4 Kazakstan Respublikasy Prezidentinin zhanyndahy Adam kukyktary zhonindehi komissiia turaly Erezhe Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Zharlyhy 2003 zhylyhy 19 nauryz N 1042 [Decree of President of Republic of Kazakhstan State about Commission on human rights at President of Republic of Kazakhstan from March, 19, 2003 No. 1042]. (2003, 19 March). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001042/> [in Kazakh].
- 5 Lipacheva, L.M. (2002). Realizatsiia konstitutsionnogo prava cheloveka i hrazhdanina na obrashcheniie za zashchitoy svoikh prav i svobod v Evropeiskii sud po pravam cheloveka [Realization of constitutional human and citizen right on an appeal after the protection of the rights and freedoms in the European court on human rights]. *Candidate s thesis*. Dnipropetrovsk [in Ukrainian].
- 6 Ilinskii, I.P. (1992). Osnovnye tendentsii konstitutsionnogo razvitiia stran Vostochnoi Evropy [Basic constitutional progress of countries of Eastern Europe trends]. *Hosudarstvo i pravo – State and law*, 6, 125–130 [in Russian].
- 7 Okunkov, L.A. (1999). *Konstitutsii hosudarstv Evropeiskoho Soiuzha [Constitutions of the states of European Union]*. Moscow: NORMA-INFRA-M [in Russian].
- 8 Tsoller, E. (1992). Zashchita prav cheloveka vo Frantsii [A protection of human rights in France]. *Hosudarstvo i pravo – State and law*, 12, 108–117 [in Russian].
- 9 Polenina, S.V. (1996). Prava cheloveka i ikh zashchita (Opyt Kanady) [Human rights and their defence (Experience of Canada)]. *Hosudarstvo i pravo – State and law*, 10, 99–107 [in Russian].
- 10 Lazarev, V.V. (Ed.). (2003). *Obshchaia teoriia prava i hosudarstva [General theory of right and state]*. Moscow: Yurist [in Russian].
- 11 Abashidze, A.Kh., & Goltiaev, A.O. (2013). *Universalnye mekhanizmy zashchity prav cheloveka [Universal mechanisms of protection of human rights]*. Moscow: Yuniti-Dana [in Russian].